

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы толық ақпарат, сондай-ақ 2021 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша инвестициялық қызметке жалпы шолу орналастырылған.

2021 жылдың 1 мамырында зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 12,6 трлн теңге болды. Бұл ретте БЖЗҚ-ның ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 12 593,67 млрд теңгені құрады. Салымшылардың қазақстандық басқарушы компанияларға аударған БЖЗҚ-дағы зейнетақы активтері 2,8 млрд теңгеден асты.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

2021 жылдың 1 мамырына ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған 2021 жылға арналған бағыттар шеңберінде ҚР ҰБ (сенімгерлікпен басқарушы ретінде) инвестициялаудың негізгі бағыттарын былайша берген:

- ҚР Қаржы министрлігі шығарған, ағымдағы құны 5 292,61 млрд теңгені (бүкіл портфельдің 42,3%) құрайтын ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары. ҚР Қаржы министрлігінің теңгеге номиналданған МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,8%, АҚШ долларында – жылына 4,2% құрады.

- ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары (ағымдағы құны 1 756,42 млрд теңге (13,95%). ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгемен номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,8%, АҚШ долларымен жылына 6,6% құрады.

- 1 049,25 млрд теңге (8,33%) сомасына ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары. ҚР ЕДБ теңгеге номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10% құрады. ЕДБ депозиттеріне 248,86 млрд теңге (немесе портфельдің 1,98%) орналастырылды. ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күнге жылдық 9,1 %-ды құрады.

- 1 134,51 млрд теңге (портфельдің 9,01%-ы) мөлшеріндегі сыртқы басқарудағы активтер. 2021 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда өсім 38,94 % құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі қаржы құралдарының инвестициялық портфелі былайша берілген:

ұлттық валютадағы инвестициялар – 68,14%, АҚШ долларында – 31,71%, ресей рублінде – зейнетақы активтері портфелінің 0,14%-ы.

Жыл басынан бері есептелген инвестициялық табыстың құрылымы мынадай сипатқа ие:

- бағалы қағаздар, оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер 284,76 млрд теңге;

- бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 26,47 млрд теңге;

- шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер 49,23 млрд теңге;

- сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер 64,15 млрд теңге;

- өзге де кірістер 63,91 млрд теңгені құрады.

Осылайша, 2021 жылдың басынан есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 488,52 млрд теңге. 2021 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 2,7% болған кезде 3,8% жетті.

Эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында жарияланған.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

"Jysan Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 1,2 млрд теңгені құрады. Оларға ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ (26,09%), ҚРҰБ ноттары (портфельдің 27,28%), Exchange Traded Funds (ETF) пайлары портфельдің 46,36%, қалған активтер инвестициялық шоттарда ақша қаражатында (0,27%) сақталды. Портфельдің 53,64%-ы теңгеде, 46,36%-ы АҚШ долларында. 15.03.2021ж. бастап 30.04.2021ж. дейінгі кезең ішінде есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 30,24 млн теңгені құрады. Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан зейнетақы активтерінің табыстылығы 3,69% болды.

«Halyk Global Markets» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 1 мамырда 751,2 млн теңгені құрады. Портфельдің құрылымында кері РЕПО операциялары (73,42%), ЕДБ облигациялары (6,71%), шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (19,73%) және шоттардағы ақша қаражаттары бар. Ұлттық валютада портфельдің 80,27%, ал АҚШ долларында 19,73% номиналданған. 15.03.2021ж. бастап 30.04.2021ж. дейінгі кезең ішінде есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 5,01 млн теңге, осы кезең ішіндегі зейнетақы активтерінің табыстылығы 0,8% құрады.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша *"BCC Invest" АҚ* сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 540,54 млн теңгені құрады. Олар ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына (16,65%), ҚР ЕДБ облигацияларына (10,66%), пайларға (ETF индекстерге) (28,34%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (17,29%), инвестициялық шоттардағы ақша қаражаттарына (5,04%) бөлінген. Ұлттық валютада портфельдің 54,3% - ы, АҚШ долларында 45,7% - ы номиналданған. 15.03.2021 жылдан бастап 30.04.2021 жылға дейінгі кезеңде есептелген инвестициялық табыс мөлшері 5,02 млн теңге, осы кезеңдегі зейнетақы активтерінің табыстылығы 1,26% болды.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша *"Сентрас Секьюритиз" АҚ* сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 337,35 млн теңгені құрады. Олар ҚР ҚМ МБҚ-ға (79,3%), РЕПОҒА (20,47%) және инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражатқа инвестицияланған. Барлық инвестициялар ұлттық валютада жүргізілді. 01.04.2021 жылдан бастап 30.04.2021 жылға дейінгі кезеңде есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 2,64 млн теңгені құрады. Инвестициялық қызмет және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі 0,87% құрады.

Әрбір ИПБ-ның қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттер көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында жарияланған.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).